

Ленин

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

КК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
27-ші жыл
№ 28
(6988)
1945 жыл
Сенбі
13 февраль
Жеке саны
20-тыбын

Тракторлар сапалы жөнделсін

Украин ССР-ның Сталин облысындағы Старо-Бешев МТС-ның тракторшылары, жұмысшылары мен қызметкерлері Советгер Одағының МТС-тары мен машина трактор мастерскойларының жөндеу заводтарының барлық қызметкерлерін тракторлар мен ауыл шаруашылық машина-саймандарын жөндеу жөнінде Бүкіл Одақтық социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырып, игілікті іс бастады. Олар тракторлар мен ауыл шаруашылық машина-саймандарын жөндеу жұмыстарын мемлекет тағайындаған мерзімнен бір ай жыйырма күн бұрын орындауға, жөнделген тракторлардың сапасын мемлекеттік комиссияның өте жақсы деген бағамен қабылдауын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Бұл игілікті бастама облысымыздың МТС-тарындағы трактор жөндеушілер арасында зор өндірістік өрлеу туғызды. Осының нәтижесінде еңбек өнімі неғұрлым арта түсті. Бейнетқор, Приешім, Торангул және Май балық МТС-тарының трактор жөндеушілері тракторларды жөндеу жөніндегі тапсырмаларды орындауда және оның сапасын жақсартуда айтарлықтай табыстарға жетті. Бейнетқор МТС-ның трактор жөндеушілері январь айында 15 трактор жөндеп, жөндеу жұмысы сапасының ойдағыдай болуын қамтамасыз етті.

Трактор жөндеу қарқынын күшейтумен қатар, жұмыс сапасы жөніндегі талаптарды да мүлтіксіз орындау керек. Қысқасы трактор жөндеуде жұмыстың сапасыз болуына жол берсе, ол мемлекет алдында ауыр қылмыс істеген болып табылады.

Қазір, трактор жөндеу жұмысының қауырт кезінде жөндеу сапасын тексеру ісін ғылымилық жүргізудің ерекше маңызы бар. Жөнделіп шығарылған тракторлардың сапасын тексеру жөнінде әрбір ауданда құрылған мемлекеттік комиссиялардың алдында аса жауапты міндеттер тұр. Олар жөнделген трактордың әрқайсысын жеке-жеке мұқият тексеруге тиіс. Әрбір машина моторының жұмысты қалай істейтінін сызғу керек, машина механизмінің бәрі рұқсатпен байқап, сапасын анықтау керек. Комиссия мүшелері машинаны қабылдау туралы документке қол қоюмен ол машинаның үздіксіз жұмыс істеуіне тікелей жауапты екенін естен шығармауға тиіс.

Тракторларды жөндеу жұмысының сапалы болуына мемлекеттік комиссиялар қаншалықты назар аударып отыр? Әрине,

тіпті мардымсыз. Бұл жөнінде Ленин атындағы және Темиразев атындағы МТС-тарды мысалға алайық. Трактор паркін жөндеудің сапасына МТС директорлары Козюра және Ларионов жолдастардың жауапсыз қарауы салдарынан «жөнделді» деген тракторлардың жұмысқа жарамдылығы анықталды. Бұл МТС-тарда трактор жөндеу жұмысын үлгілі ұйымдастыру жөнінде қойылған талаптар орындалмаған. Тракторлардың неңдей жөндеу тілейтіндігі анықталмаған, жұмысшылардың жұмыс орны жөке. Сол сияқты трактор жөндеуге керекті аспаптар да жеткіліксіз. Комиссия әлі қабылдап алмаған тракторлар да мәліметке қосылған.

Жөнделген тракторларды қабылдайтын мемлекеттік комиссиялардың председателдері Плевако және Клубук жолдастар тракторларды қабылдау ісіне мүлдем жауапсыз қарап, жұмыстың сапасыз болуына кінәлі адамдарға ымырашылдық істеген. Міне осының барлығы Темиразев және Ленин атындағы МТС-тарда трактор паркінің еңіс жұмыстарына толық әзірленбей қалу қаупін туғызып отыр.

Жақын арада КК(б)П облыстық комитеті тракторлардың жөндеу жұмысының барысы және жөнделген тракторлардың сапасы жөнінде Конохов ауданындағы Чистян МТС-ның директоры Назаренко жолдастың баяндамасын тыңдады. Бұл МТС-та тракторларды жөндеу жұмысында көп кемшіліктерді бар екендігі айқындалды. Обком бюросы МТС басшылары мен КК(б)П аудандық комитетімен бұл елеулі кемшіліктерді дереу жоюды талап етіп, тракторларды жөндеудің барысына және жұмыс сапасына үнемі бақылау жасауға міндеттеді. МТС басшылары бұдан тиісті қорытынды жасауға міндетті.

Көктемгі егіске сакалай сай әзірленіп, бийыл егішпен мол өнім алу үшін берік негіз жасау—колхозды ауыл-деревял еңбекшілері мен МТС, совхоз қызметкерлерінің отан алдындағы, майдан алдындағы хасметті борышы.

Бұл ардақты міндетті аброймен орындау үшін, тракторлар мен ауыл шаруашылық машина-саймандарын жөндеуде социалистік жарыс туын жоғары ұстап, көктемгі дала жұмыстарына мінсіз әзірленетін болайық. Жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары мен МТС, совхоз қызметкерлерінің бүгін таңдағы жауынгерлік міндеті—мұны осылай.

160 миллион киловат сағат электр қуаты үнемделді

Қызыл Армияның тамаша жеңістерімен жерленген еліміздің электршілері өнеркәсіп орындарында электр қуатын үнемдеу жөнінде социалистік жарысты өрістетті. 1944 жылдың IV-тоқсанында жарысқа 2478 завод пен фабрика коллективтері қатысты. Рационализаторлық көптеген бағалы ұсыныстар еңгізілді. Бұл ұсыныстарды қолдану бір аптада 160 миллион киловат сағат

электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл жөнінде Москва қаласы мен облысының кәсіп орындары зор табыстарға жетті. Мұнда 48 миллион киловат сағат электр қуаты үнемделді. Свердлов облысында 16 миллион киловат сағат, Горький облысында 14 миллион киловат сағат электр қуаты үнемделді. (АСС).

БОБРУЙСКІ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ҚУАТ БЕРДІ

Бобруйскіде қалпына келтірілген қалалық электр станциясы кәсіп орындарына, мекемелер мен кісі тұратын үйлерге электр қуатын берді. Электр станциясының жү

мысшылары барлық жабдықтауларды, электр сымын өз күшімен қалпына келтіріп, едәуір отын үнемдеді. (ТАСС).

Совет Хабаршы бюросынан

8 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

8 февральда Шығыс Пруссияда КЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік жағында әскерлеріміз қатты ұрыстардың нәтижесінде КРОЙЦБУРГ қаласын алды, сол сияқты ПОРШ КАЙМ, ЗЕЛБЕН, БАРТЕЛЬСДОРФ, ВОРКАЙМ, РАМЕРСВАЛЬДЕ, РАУНАУ, БЮРГЕРВАЛЬДЕ, ФРАУЕНДОРФ, МИЛЛЕНБЕРГ, ОПЕН қыстақтарын алды.

ШТАРГАРД қаласының оңтүстік-шығыс жағында неміс Помераниясының жерінде әскерлеріміз РЕЕТЦ және БЕРНШТАЙН қалаларын алды, сол сияқты 100ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде БЕРКЕНБЮРГТЕ, ЛИБЕНОВ, РИТЦИГ, ЗАМ МЕНТИН, ГОТТБЕРГ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. 7 февральда бұл ауданда әскерлеріміз немістердің 1800ден аса солдаты мен офицерін қолға түсірді.

БРЕСЛАУДЫҢ оңтүстік-шығыс жағында ОДЕРДІҢ батыс жақ жағалауында табан тірейтін шепті кеңейту үшін ұрыстар жүргізілді, соның нәтижесінде әскерлеріміз КУРГ, КОХЕРН, ЛОРЦЕНДОРФ, МЕХАЙЦ, КЕХЕНДОРФ, ХЕРМСДОРФ, МАРИЕНАУ, ВАЛЬДАУ, ТИФЕНЗЕ, ГРОСС-ЗАРНЕ қыстақтарын алды.

КРАКОВТЫҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз таулы-орманды жердің қы-йып жағдайында қиынға жасай отырып, 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде ЗАДЗЕЛЕ, ЛЕНКАВИЦА, РЫХВАЛЬД, МОЩАНИЦА, ЕЛЕСЬЯ, ПШЫБОРУ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

БУДАПЕШТЕ әскерлеріміз дұшпанның қоршаудағы гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізуде болды, сөйтіп қаланың батыс жақ бөлегінде (БУДА), бірнеше кварталды алды. 7 февральда бұл ауданда дұшпанның 3500 солдаты мен офицері қолға түсірілді.

7 февральда барлық майдандарда немістердің 146 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 30 самолёті атып түсірілді.

Шығыс Пруссияда, Кенигсберг қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Немістердің Посмор өзені бойындағы қуатты қорғану торабы—Кройцбург қаласы үшін кескілескен ұрыстар болды. Дұшпан тың күштерін алып келіп, табан тіресе қарсылық көрсетті. Совет бөлімдері Посмор өзенінен өтіп, гитлершілерге қарсы шабуыл жасады. Бүгін әскерлеріміз жаудың гарнизонын талқандап, Кройцбург қаласын алды. Дұшпан әлідей 4 мыңға жуық солдаты мен офицерінен айырылды.

Штаргард қаласының оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ұрыс сала отырып алға басты. Совет жау әскерлері артиллерияның жәрдемімен дұшпанның қорғану шебін бұзып өтіп, Реетц қаласына жетті. Бөлімшелеріміз қаланың батыс жақ шет аймағындағы өзеннен өтіп, жаудың гарнизонын қоршап алды. Қатты ұрыстың нәтижесінде әскерлеріміз Арнсвальде қаласының солтүстік-шығыс жағында 12 километр жердегі қара жолдардың маңызыды торабы—Реетц қаласын алды. Н. атты әскер құрамасының бөлімдері екінші бір ауданда дұшпанның әзесші жау әскер және күзет әскерлерінің құрамаларынан куралған әскер тобын қоршап алып, жойып жіберді. Жаудан көп адам, автомашиналар мен қару-жарақ қолға түсірілді.

Майданның түрлі учаскелерінде болған бір күнгі ұрыстарда әскерлеріміз немістердің 84 танкі мен дұшпанның өздігінен жүретін зеңбіректерін қыйратты, жойды. Совет зенитшілері жаудың авиациясының атақаларын тойтара отырып, немістердің 16 самолётын атып түсірді.

Бреслау (Бреславль) қаласының оңтүстік шығыс жағында бөлімдеріміздің алға басуын тоқтатуға тырысып немістер әлдене шет қарсы атака жасады. Гитлершілердің қатты қарсыласуын жеңе отырып, әскерлеріміз қауырт алға басуда болды. Штрелем қаласынан 6 километр жердегі Лорцендорф қыстағынан дұшпан, қуылып шығарылды. Сол сияқты бірсыпыра елді жер алынды. 320 неміс қолға түсірілді. Одердің арғы жағындағы табан тірейтін шепті кеңейту үшін болған ұрыстарда совет жауынгерлері қаһармандық және батырлық көрсетуде. Капитан Плаксин басқарған танктер тобы дұшпанның күшті бекіністі шебіне қауырт шабуыл жасады.

Танкшілеріміз бір ротадан аса гитлершілерді қырып есептеп, дұшпанның 15 пулеметін, 3 минометі мен 2 бронетранспортерін жойды. Жаудан 50 адам қолға түсірілді. Лейтенант Фроловтың танк экипажы алға ұмтылып, оқ жаудырып және танктің табанымен тапап неміс керуенін және жаудың 80 солдаты мен офицерін жойып жіберді. Аға лейтенант Гриньнің басқаруындағы өздігінен жүретін зеңбірек экипажы немістердің 4 бронетранспортерін мен өздігінен жүретін зеңбірегін қыйратты. Пулеметші сержант Кузьменко бір ұрыста 30 немісті жер жастантты. Ефрейтор Мельницин танкке қарсы мылтықтан оқ атып, дұшпанның жеңіл машинасын қыйратты, сөйтіп қашып кетуге әрекеттенген неміс офицерін өлтірді.

Краков қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді. Дұшпан Лековица және Мощань қыстақтарына бекініп, қатты қарсылық көрсетті. Гвардияшыларымыз тау асуымен жүріп бұл тіректі бекіністердің тыртығына шықты, сөйтіп екі жақ қанаттан қауырт соққы беру арқылы неміс гарнизонын талқандады. Бескид Малый тауының оңтүстік жағында батысқа қарай алға басатырып, әскерлеріміз Задзеле үлкен қыстағын алды. Бұл бекініс үшін болған ұрыста совет жауынгерлері 170 немісті, дұшпаннан 26 зеңбірек тағы басқа олжа қолға түсірді.

1-Украин майданында қолға түсірілген немістердің 42-артиллерия корпусының артиллерия бастығы полковник Оскар Розен мыңаны айтты: «Орыстар шабуыл бастаған да біз жағдай тезінен қалпына келтіріледі деп есептеген едік. Ұзақ уақыт және табандылықпен қорғануды көздеп командованиміздің батыл қарсы шара белгілегендігі маған мәлім еді. Неміс командованиясі бұл учаскеде Қызыл Армияның шабуылын тоқтату міндетін 24-танк корпусына жүктеді. Алайда алғашқы ұрыстардың өзі бұл жоспарлардың негізсіз екендігін көрсетті. Орыс әскерлері қуатты соққы беріп, бұл қорғану шебімізді бұзды да, алға басты, сөйтіп штабтарымыз бен тылымды талқандай бастады. Біз адам күші және техника жағынан ойсыраған шығынға ұшырадық. Шабуыл жасаушы орыс бөлімдері мен моторлы жау әскерлері бізді өкшелеге қудалап, ешбір тыныс бермеді».

МЕТАЛЛУРГШЫЛАРДЫҢ КОЛХОЗДАРҒА КӨМЕГІ

Төменгі Тагил металлургшылары 102 колхозды электрлендіруге іс-кемектесуді міндетіне алды. Бұл жөнінде қаланың көптеген заводтарында арнаулы бригадалар қу-

рылды. Бұлар ішкі мүмкіншілікті жұмсау есебінен электр сымдарын, темір және жең сымдарды қарастыруда. (ТАСС.)

МОСКВА ОБЛЫСЫНЫҢ СЕЛЕНДІК СОВЕТТЕРІ ПРЕДСЕДАТЕЛЬДЕРІНІҢ МӘСЛИХАТЫ

М. И. Калинин жолдастың сөйлеген сөзі

6 февральда Москвада Москва облысының селендік советтері председателдерінің мәслихаты болып өтті.

Селендік советтердің жұмысы жөнінде еңбекшілер депутаттарының облыстық советі атқару комитетінің председатели Тарасов жолдас баяндама жасады.

Мәслихатта ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели М. И. Калинин жолдас сөз сөйледі. Мәслихатқа қатысушылар ұзақ қол шапалақтап, хұрмет көрсетті. Калинин жолдас өзінің сөзінде Отан соғысы күндерінде селендік советтердің атқарған ролі мен міндеттеріне тоқталды.

— Соғыс, — деді Калинин жолдас, — совет адамдарына барлық күшпен қажырлы жұмыс істеуді талап етеді. Колхоздар Қызыл Армияға көмектесуде шын мәнінде зор роль атқарды. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: егер колхоздар болмаса, біздің әйелдеріміз шаруашылықты өз бетімен бас қара алар ма еді? Олар егіс жерін қалай өңдеген болар еді? Ол мүлде ала-құла болар еді. Азды-көпті болса да өңделген егіс алаңымен қатар өңделмеген — бос жатқан алаң көп болар еді. Егістің өнімі де мүлде нашар болған болар еді. Колхоздардың адамдарымызға қандай жеңілдік бергендігін кімде-кім болса да көріп отыр. Колхоздардың көмегі арқасында шаруалар өздерінің міндетін ойдағыдай атқарып отыр. Мұнымен қатар, революцияға дейін егінің

шықпай, тұтынушы ғана болып келген көптеген облыстарымыздың қазіргі уақытта ауыл шаруашылығының азық-түлігін өндіруде хұрметті орын алғандығын батыл айтуға болады. Бұл — колхозшылардың сіңірген еңбегінің нәтижесі. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер зор іс істеп, Қызыл Армияға өлшеусіз зор көмек көрсетіп отыр деп айтуға болады. Өйткені Қызыл Армия үшін оқ-дәрі қандай қажет болса тамақ продуктылары да сондай қажет.

Көктем жуықтап келеді. Ауыл шаруашылығымыздың үздіксіз өсе беруі үшін селендік совет председателдері быйылғы көктемде өткен көктемге қарағанда көп жұмыс істейді деп ойлаймын.

Бір кезде ауыл шаруашылығының өнімін өндімейтін деп саналған, ал қазір ауыл шаруашылығының азық-түлігін өндіруде аса хұрметті орын алып отырған Москва облысының өкілдері, сіздердің — бұл даңқты баянды етумен бірге, ауыл шаруашылығын барған сайын дамытып, өркендетуде жаңа табыстарға жетулеріңізге тілектестік білдіруді айтуға рұқсат етіңіздер. (Овацияға айналған ду қол шапалақтау. Мәслихатқа қатысушылардың бәрі орындарынан тұрады).

Мәслихатқа қатысушылар зор жігермен Сталин жолдасқа құттықтау хат қабылдады. (ТАСС).

Егіске әзірлік жұмыстары соғыс қарқынымен жүргізілсін

ПРЕСНОВКА (Өз тілшімізден). Ауданның алдыңғы қатарлы колхоздарында көктемгі егіске әзірлік жұмыстары шын мәнінде майдандағыша өрістетілді. Мәселен «Новый свет» колхозында барлық ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандары түгел дерлік жөнделіп болды. Колхозда көктемгі егіске керекті тұқым толық күйіліп, тазартылды, 425 гектар егіс жеріне қар тоқтатылды, 8 центнер күл және 3 центнер күс қиып жайылды, 45 тонна көн егіс алаңына тасылып, үйілді. Ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеуде колхоздың темір ұстасы Гордев жолдас стахановша жұмыс істеді.

Көктемгі егіске «Баян», «Үлгі» және «Орталық» колхоздары да үлгілі әзірленуде. Бұларда тұқым қоры толық күйіліп, егістік сапаға жеткізілді. Көктемгі егіске әзірлікте «Пламя» колхозы да үздік келеді. Бұл колхоздың колхозшылары қазірдің өзінде 18 ат соқасын, 110 тырманы, 140 жарма мен қамытты тағы басқа жегу әбзелдерін сапалы жөндеді.

Алайда ауданда мұндай колхоздардың қатары мейлінше аз. Ауданның бірсыпыра колхоздарының басшылары егіске әзірлік жұмысын сылбыр ұйымдастырып келеді. Олар көктемгі егістің тағдырын, оған тиімділікті әзірлену шешетіндігін ұғынбай отыр. Міне осының салдарынан «Красное знамя» колхозында (председатели Урычев жолдас) егіске әзірліктің басталғанына бірталай уақыт өткеніне қарамастан, 68 ат соқасының 28 ғана және небары 19 жарма жөнделді. Ал ауыл шаруашылығына басқа да машиналары мен құрал-саймандарын әзірлеу жұмысы әзір қолға алын

ған жоқ. Қолда бар егіс тұқымының небары 60 проценті тазартылды, оның шығымдылығы тексерілмеді. Мұнда қысқа агротехника шаралары да ескерусіз қалып келеді.

Көктемгі егіске әзірлік жұмысында артта қалғандардың қатарына «Зеленая роща», «Красное утро», Сталин атындағы және «Узын көл» колхоздарын қосуға болады. Сталин атындағы колхозда егіс тұқымын тазарту мүлде қолға алынбаған. Күйілген тұқымның уқыпты сақталуы қамтамасыз етілмеген. Колхозда егіс тұқымы талаң-тараққа салынған. Міне сондықтан да мұнда күйілген тұқымды тексере келгенде 180 центнері кем шықты. Егіске тұқым әзірлеу жұмысының барысы Буденный атындағы және «Суаткөл» колхоздарын да да ойдағыдай емес. Буденный атындағы колхоз тұқым кую жоспарын 52 процент, ал «Суаткөл» колхозы — 73 процент ғана орындады. Істің жәйі «Жизнь» колхозында да осындай.

Аудан колхоздарының көктемгі егіске әзірлікті тыңғылықты ұйымдастырмауына аудандық жер бөлімдері де кінәлі. Аудандық жер бөлімінің меңгерушісі Бухалов жолдас колхоздарға барып, олардың егіске әзірлік жұмыстарына қолма-қол басшылық етпеген. Егіс тұқымы жетіспейтін колхоздардан тұқым қорын толықтыру үшін барлық шараларды қолдану орнына, ол соғы кезде жеңседе отырып, мәлімет жыйнаумен шұғылданауда.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын мұндай сылбыр ұйымдастыру-тікелей қылмыс жасағандық болатындығын аудан басшылары ұғынуға тиіс.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

ТРАКТОР ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Совет ауданындағы Бейнетқор МТСның трактор жөндеушілері (директоры Игнатенко жолдас) трактор жөндеудің январь айындағы тапсырмасын толық орындап, бір айда 15 трактор жөндеді, сөйтіп олар мейектіктердің шақыруына іспен жауап берді.

Қазір трактор жөндеушілер Қызыл Армияның даңқты мерекесі алдындағы со-

циалистік жарысқа ұштасып, еңбек өнімін еселеп арттыруға және февраль айында трактор жөндеу жоспарын артығымен орындауға міндеттенді. Міндеттемені аброймен орындау үшін мастерской жұмысшылары арасында социалистік жарыс пәрменінше өрістеуде.

К. ЖАҚЫПОВ.

Редакцияға хат

Қамқорлық жасағаны үшін алғыс айтамын

Соғыстан бұрын менің ұлым Булгаков Усман қалалық электр станциясында машинист болып қызмет атқарды. Ол мұнда 1932 жылдан бастап, 1941 жылға дейін үзбей жұмыс істеді де стахановшылар қатарына қосылды. Усман еңбек майданында үздік табыстарға жеткені үшін бірнеше рет грамоталармен наградталды.

Усман 1941 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. 62 жастағы мен бір үйде жалғыз өзім қалдым. Алайда мен осы уақытқа дейін еш қандай мұқтаждық көргенім жоқ. Электр станциясының (директоры Затульский жолдас) коллективі жыл сайын маған тиісті жәрдем жасап келеді. Станция дирекциясы быйылғы жылы да мені отынмен толық қамтамасыз етті. Жауынгерлердің үй-штеріне жәрдем жасау жөнінде өткізілген айлық кезінде электр станциясы менің пәтер үйіме электр шамын орнатып берді. Қазір мен электр жарығымен тегін пайдаланамын. Жақын арада мен электр станциясынан 300 сом ақша, бір пар пима алдым.

Менің тұрмыстық қажетімді өтеп, күнбе-күн жәрдем жасап отырғаны үшін қалалық электр станциясының дирекциясы мен жұмысшылар коллективіне шын жүректен алғыс айтамын.

Бибіпұр БУЛГАКОВА.

Жауынгердің анасы.

Жастарға сапалы білім беру керек

Приешім ауданындағы «Қызыл жұлдыз» бастауыш мектебінде оқу-тәрбие жұмысы ойдағыдай жүргізілмей отыр. Өйткені, мектеп оқытушысы Кәмел Мәмбетова жолдас балаларға сапалы білім-саналы тәрбие беру ісіне атүсті қарайды. Соның салдарынан 2—3 кластардың оқушылары арасында мүлде есеп білмейтін балалар да жоқ емес. Оқушылардың алды 30—40қа дейін, ал арты 5—6ға дейін ғана сан біледі. Мәмбетова жолдас оқушыларға оқу ережесін толық жеткізбеген. Мектепте оқудың қай уақытта басталып, қашан аяқталатындығы белгісіз. Мәмбетова жолдасының өзі жұмысқа үнемі кешігіп келеді, немесе, кей күндері мүлде келмей де қояды.

Оқушылар Мәмбетова жолдастан сапалы білім, саналы тәрбие беруді талап ететіндігін аудандық оқу бөлімдері ескерсе алса екен.

Қ. ТҮЛМҰРЗИН.

ШАҢҒЫШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Жақын арада Петропавл қаласында колхоз жастарының облыстық шаңғы жарысы болып өтті. 10 километрлік қашықтықта шаңғымен жүру жөніндегі бірінші және екінші жарыстарда ерлер арасынан Булаев аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы Кручевская жолдас басқарған команда 1-орынға ие болды. 5 километрлік қашықтықтағы жарыста әйелдер арасынан Приешім аудандық комсомол комитетінің секретарі Своркина жолдас бастаған әйелдер командасы озып шықты.

Жарыста озып шыққан Булаев ауданының шаңғышылар командасына облыстық дене шынықтыру және спорт комитетінің грамотасы берілді. Команда жақын арада болатын республикалық шаңғышылар жарысына қатыспақ.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 7 февраль. (ТАСС). Одақтас тартың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген: Германияда Мошпаудың сол түстік-шығыс жағында одақтастар әскерлері Бергштейннен оңтүстікке қарай 1000 ярд алға басты. Мошпаудың оңтүстік-батыс жағында одақтастар әскерлері 500 ярд алға басып, Штехорманнан шығысқа қарай 1000 ярд алға басты.

Урфштаузее көлінің оңтүстік жағында (Рейн облысында) одақтастардың әскер бөлімдері Шейрленді алды. Хелетте Шлейденнің оңтүстік-батыс жағында 3 миль жерде кескілескен ұрыстар болып жатыр. Одақтастар әскерлері Шеаузенлац пен Габшейдты алды. Габшейдтың оңтүстік-батыс жағында одақтастар әскерлері Гросскалененді алды.

Оңтүстік Эльзаста одақтастар әскерлері Жаңа Брейзахты алды. Одақтастар авиациясы дұшпанның соғыс және транспорт рындарын бомбалады.

ЛОНДОН, 7 февраль. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Болоньяның оңтүстік жағында жер Серкио өзені алқабында 5-армияның бөлімдері өз шептерін жақсартты. Майданның басқа учаскелерінде күшті бастау жүргізілді.

ЛОНДОН, 8 февраль. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген: Шмидт ауданында одақтастар соғыс үш күнде дұшпанның 159 атыс бекінісін алды. Шлейденнің оңтүстік-батыс жағында одақтастар әскерлері бірнеше күнге созылған көше ұрыстарынан кейін, дұшпанның қатты қарсылығын жеңіп, Хеллентальдан дұшпанды қуып шығарды. Приом ауданында одақтастардың жаяу әскерлері Вашейдке жетті. Монтхейн, Холльвик пен Зеддерих одақтастар әскерлерінің қолында тұр.

Одақтастар әскерлері бірнеше жерде ұрыс сала отырып, Ур және Сюр өзендерінен өте бастады. Рейнхтың оңтүстік-шығыс жағында одақтастар Зинцті алды.

Сааргемюндтың шығыс жағында (Лотарингияда) дұшпанның жаяу әскерлерінің атакасы тойтарылды. Вишольсте (Горлтекі тауларының шығыс жағында) одақтастар әскерлері жорық жасады.

Төменгі Эльзас жазықтығында одақтастар әскерлері бірнеше деревняны азат етті. Рейн Рон каналының батыс жағалауы жаудан толық тазартылды. Вогез тауларында дұшпанның ұйымдасқан түрде жасаған қарсылығы тойтарылды. Жаудың бір-бірінен бөлініп тасталған әскер тобын жою ісі жүргізілді. 5 февральда одақтастар әскерлері батыс майданда дұшпанның 2905 адамды қолға түсірді.

Ауыр бомбашылар истребительдерді ертіп шығып, батыс Германияда жаудың бірталай соғыс орындарын бомбалады.

Берлиндегі жағдай

СТОКГОЛЬМ, 8 февраль. (ТАСС). «Свенска дагбладет» газетінің Берлиндегі тілшісі, Берлинде үрейленушіліктің етек алып отырғандығын және гитлершіл өкмет орындарының саяси қауасаттың жайылып кетпеуі үшін жаңталаса әрекет жасап отырғандығын хабар етті. Германияның шығыс аудандарынан келіп жатқан босқындар қалада үрейленушілікті өршіте түсуде. Қалада көмір жоқ. Электр жарығы әлсіз-әлі сөндіріле береді. Азық-түлік жайы мүшкіл, дүкендер қаңғырап бос тұр. Азық-түлік базарынан картофтың өзін әзер тауып алуға болады.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.